

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.4 - С.262-263

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ**

*Дюсенова Г.Б.  
Ботабекова Г.Т.  
Бекпергенова Ж.Б.*

Қазіргі уақытта экологиялық мәселелердің өзектілігі адамзат үшін алғашқы орындардың бірінде. Жер планетасы күннен күнге өзінің табиғи қалпынан айырылып, адамзаттың өзі үшін қауіпті нысанға айналып келеді. Табиғи объектілердің, оның ішінде ауаның, судың, топырақтың ластануы, өсімдіктер мен жануарлардың түрлерінің азаюы немесе жойылуы табиғаттағы тепе-теңдікті бұзып, орны толмас қауіп-қатерге әкелуде.

Экологиялық мәселелерді шешудің немесе алдын алудың бірден бір жолы экологиялық мәдениетті жоғарылату, экологиялық білім беру. Тәрбиенің негізгі көзі – отбасы. Экологиялық мәдениеттің өзі отбасынан басталатыны хақ, дегенмен де білім беру ордаларының мақсаты экологиялық білім беруді жан-жақты қарастырып, экологиялық мәдениетті одан әрі жетілдіру. Экологиялық білім берумен тек оқушылар мен студенттер ғана емес, қоғамның әр мүшесі қамтылуы керек. Экологиялық сананың қалыптасуы адамгершілікпен де тығыз байланысты, екеуі егіз ұғым деп айтсақ та болады. Экологиялық тәрбие дегеніміз бұл адамдардың қоршаған ортаны қабылдау сезіміне, ақыл ойына, санасына, табиғатқа деген көзқарастарына әсер ету үшін жүргізілетін әдістер жиынтығы. Экологиялық мәдениетті, экологиялық саналы адам табиғатқа деген қарым-қатынасы ерекше, яғни адамгершілігі жоғары, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарап, оның әрбір өзгерісіне жаныашарлықпен қарайды.

Әлемдік пандемияға байланысты әрбір оқу орны қашықтықтан оқуға мәжбүр болды, оның ішінде біздің университетіміз де онлайн білім беру платформаларында білім беруді жалғастырып келеді. Қазіргі уақытта zoom, moodle, platonus платформаларында білім беру жүргізіліп жатыр. Экологиялық білім беру қашықтықтан оқытуға қарамастан үздіксіз жүргізілуі тиіс. Қашықтықтан экологиялық білім берудің артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары: 1. Қол жетімділігі – яғни қай жерде болсаңыз да қажетті білім алуға болады. Мәселен, университет студенттерінің жанұя жағдайына байланысты басқа қалаға немесе ауылға кетіп қалып, қашықтан оқуы. 2. Икемділігі – өзіңізге ыңғайлы орында жұмыс істеуіңіз, қажетті ақпаратты жіберерге дейін бірнеше рет өзгертсеңіз де болады. 3. Жылдам – барлық оқуға қажет ақпараттардың дайын, жеткілікті, интернетте көптеген оқуға қажетті ақпараттардың мол болуы, олардың компьютерге жүктелуі. 4. Байланыстың онлайн орнатылуы видеоконференциялар, сабақты әртүрлі формаларда өткізуге мүмкіндік береді, заманауи форматта, әртүрлі ақпараттық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізуге мүмкіндік мол. 5. Студент өзіне қолайлы ортада және тыныш жағдайда сабағына дайындала алады. 6. Студент те, оқытушы да географиялық және уақыттық жағдайға тәуелді емес, сондықтан білім алуда немесе білім беруде өзін шектей алмайды. 7. Қазіргі таңда интернет жүйесінде жан-жақты қарастырылып, құрастырылған оқу бағдарламалары мен курстар өте көп, сондықтан білім алушы да, оқытушы да қосымша бірнеше курстарға қатысып білімдерін шындай алады.

Қашықтықтан оқытудың кемшіліктері: 1. Интернет жылдамдығының төмен болуы, әсіресе ауылдық жерлердегі нашар интернет желісі ақпараттарды жүктеуде қиындық туғызуы мүмкін; Біздің елдегі өзекті мәселелердің бірі шалғай ауылдарға интернет желісінің тартылмауы білім алушылар үшін көптеген мәселелерге әкеліп соғуда. 2. Тікелей қарым-қатынастың болмауы білім алушының тақырыпты толық түсінбей қалуына, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерге әкеліп соғуы мүмкін. Әсіресе бұл жағдай 1 курс студенттері үшін қиындық туғызды. 3. Практиканың жеткіліксіздігі, көптеген сабақтар зертханада өткізілетіндіктен көзбен көру арқылы үйрену қиыншылықтар туғызды, студенттер бұл материалдарды қабылдай алмайды. 4. Студентке оқытушы тарапынан үнемі бақылау жасалынбайтындықтан, жауапкершілігі төмен студенттер сабақ уақытында басқа нәрселермен айналысып отыруы мүмкін. 5. Қашықтықтан білім беруде толық білім алу, тақырыптар бойынша толық ақпаратты беру мүмкін емес. 6. Компьютерде ұзақ отырудың денсаулыққа зияндығы. 7. Компьютер, планшет, ұялы телефондар шығарылымының артуы қоршаған ортаға орасан зор залал әкеледі, қалдықтар мәселелесі де ушыға түспек.

Бұл тізімдерді тоқтаусыз жалғастыра беруге болады, ал экологиялық білім беріп, экологиялық мәдениетті, саналы ұрпақ тәрбиелеу сіздің де, біздің де міндетіміз екенін ұмытпайық!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Алматы, 2007ж
2. Крутецкой В.А. О проблемной обучении. Вып.,1, Москва: Высшая школа, 2006г.
3. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу

мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.  
Әдістемелік құрал. Алматы, 2014.